



# Ақмешіт

17 маусым  
сенбі

№48 (1955)

2023 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

# ХАЛЫҚТЫҢ БАҒАСЫ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ

Қала әкімі Асылбек Шәменов кент және ауылдық округтерді аралап, биылғы 2023 жылда атқарылатын жұмыстармен танысып, тұрғындармен кездесті. Шаһар басшысы алдымен Тасбөгет және Белкөл кентінен бастап, Қосшынырау, Қарауылтөбе мен Қызылжарма ауылдық округіне барып, халықтың көкейіндегі өзекті мәселелері мен талап тілектерін тыңдады.



Ең алдымен қала әкімі 32 мыңға жуық адам қоныстанған Тасбөгет кентінің тұрғындарымен кездесті. Тасбөгет кентінің әкімі Семсер Сыздықов қала әкіміне ілкімді істерді тізбектеп берді. Айта кетейік, соңғы жылдары апатты жағдайда тұрған тұрғын үйлердің мәселесін шешу үшін жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Нәтижесінде апатты деп танылған үйдің 140-тан астам тұрғындарына қала аумағынан салынған жаңа үйлерден пәтер берілген.

– Биыл жүргізілетін 41 көшенің жөндеу жұмыстарына бюджеттен 833,7 млн теңге қаражат қарастырылып, соған сәйкес жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда кентте жөнделмей қалған 12 көшені асфальттауға биылғы жылы жоба-сметасының құжаттарын әзірлеп, бюджеттен 1,1 млрд теңгеге өтініш берілген. Сонымен қатар 8 көшеге жаяу жүргінші жолын салуға бюджеттен 241 млн теңгеге өтініш тапсырылған. Яғни былтыр Тасбөгет кентінің шамамен 80,6 шақырымды құрайтын 52 көшесінің 35-не асфальт төселіп, оның 17-көшесіне қиыршық тас төселген еді. Ал қалған 5 көшесіне жаяу жүргіншілер жолы салынған. Тіпті демеушілер есебінен көшелерге жарық бағаналары орнатылды. Оның 5 көшесінің бағаналарына

10 млн теңге қаржы жұмсалған. Ал ағымдағы жылы 3,5 млн теңгеге «Еңбек» және «Өркендеу» саяжайларының негізгі 3 көшесіне жарықтандыру бағанасы қойылды. Қалған әлеуметтік нысандар орналасқан 6 көшені жарықтандыруға бюджеттен 178 млн қаржы берілген – дейді С.Сыздықов.

Сонымен қатар өткен жылы облыстық бюджеттен электр желісінің жүргізілуіне 680 млн теңге қарастырылған. Нәтижесінде оның 59,6 шақырым электр желісі жүргізіліп, жаңадан 15 қосалқы станция қойылған. Осылайша электр желісінің мәселесі шешімін тауып келеді.

Келешек жас жеткіншектерді өнерге, еңбекке баулып, түрлі үйірмелерге қатысып уақытын тиімді өткізуі үшін Тасбөгет кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешені бой көтеруде. Оған аймақ басшысының тікелей қолдауының арқасында құрылысқа бюджеттен 542,1 млн теңге бөлінген. Тіпті жеке кәсіпкерлер де жастардың дамуына өз үлесін қосып, спорттың 10 түрін 600 балаға жуықтап, 4 спорт клубын ашқан.

Сонымен қатар кенттің санитарлық тазалығы да назардан тыс қалмады. Бұл мақсатта бюджеттен 41,7 млн теңгеден

астам қаржы қаралған. Бұдан бөлек демалыс орнын көркейту үшін «Шауқаман бағы» саябағына қала бюджетінен 15 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары басталуда. Саябақтан бөлек басқа да 20 нысан алдына ағаш отырғызып, қоғалдандыру секілді жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде.

Кәсіпкерлердің демеушілігімен 200 млн теңге қаржыға жаңа «Құддәс Ишан» мешіті салынууда. Сонымен қатар инвесторлардың есебінен құны 4 млрд теңгеден асатын, көпқабатты 338 пәтерлі 4 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Демеушілер қаржысының 300 млн теңгесіне шағын маркет монша, көлік жуу орталығы, дәріхана және шаптаразы бар сауда кешені салынып, қазіргі таңда қызмет көрсетуде. Инвесторлар 100 млн теңгеге саябақ жанынан биометриялық зертхана салуда.

Тасбөгет кентіне қарасты «Сабалақ» саяжайдағы өзекті мәселенің бірі – газ құбыры. Оған газ желісін тартуға «AS and Limited» ЖШС есебінен 100 млн теңгеге жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, қарастырылуда.

2 БЕТТЕ



### Гипердыбыс: Шығыстан шыққан «үн»

Құш жарыстыру, қару бақталастығы бұрыннан бар. Адамзат жаралғалы жаналығы құралдың түр-түрі алмасып, бүгінде тажал қолкескісі – ядролық бомбаға тірелгендей. Бүгін шаһарды жұтуға қауқарлы қаруды иелену қаншама елді араздастырып, халықаралық қақтығыстың себебіне де айналды. Содан болар, мықтымын деген елдің дені бомбаның қуатын арттырып әлек.



Дегенмен жарылғыш болғанымен оны жау аймағына жеткізу жарты бейнет. Бұл міндетті әуе не су кемесі немесе зымыран кешені ғана орындауға қауқарлы. Соңғысы соғыс тәжірибесінде тиімді нәтиже көрсеткендіктен, бәсеке нысанына айналғаны жасырын емес. Әлемдік ақпарат агенттіктерінің назарына іліккен ирандық гипердыбысты жаңа зымыраның танымал болуына да түрткі болған осы жай. Жұырда CNN арнасында көс тілші – Аббас әл-Лавати мен Хадас Голд қызықты ақпарат жариялады. «Иранның жаңа зымыраны несімен қауіпті?» атты бағдарламада парсылардың қорғаныс саласындағы жаңалығы талқыға түскен. Бағдарламадан ұққанымыз, ирандық «Fattah» зымыраны ұшу жылдамдығы жағынан алдыңғы лекке шыққан. Тіпті зымыран дыбыс жылдамдығынан 15 есе тез қозғалады екен. Бұл Иранның әскери әлеуетінің өскенін білдірсе керек.

«Тегеранда иврит тіліндегі жарнаманы күнде көре бермейсіз. Бүгінде ел астанасында жаңа зымыран туралы жарнама үш тілде тарап жатыр. Арабша, парсыша және иврит тілінде. Соңғы тілде ақпарат таратудың өзіндік идеологиясы бар. Басты мақсат – қарсылас Израильге түсінікті тілде қыр көрсету. Бұл жарнама мәтінінде де көзге ұрады. Онда «Тель-Авивке дейін 400 секунд» деп жазылған. Зымыран 1400 шақырымға дейін жетуі мүмкін. Демек, Израильге соққы жасау Иран үшін қиындық туғырмайды.

Айта кетерлік, қорғаныс құралына «Fattah» есімінің берілуі де жайдан-жай емес. «Fattah» – ислам дінінде Құдайдың 99 есімінің бірі, жеңіс сыйлаушы деген мағына. Бұл қарудың Иранға қаншалықты жеңіс сыйлары әлі белгісіз», – дейді арна тілшілері.

Әрине, ақпараттық кеңістікте рас-өтірігі аралас мәлімет тарайтынын білеміз. Есте болса, Ресей мен Солтүстік Корея да «тендессіз қару» барын айтып, қанша мәрте ақпараттық майдан жүргізген болатын. Алайда бұл жолы басты арналарының өзі ирандық қарудың күшін мойындап, лауазымды тұлғалардың дерегін мысалға келтіріпті. Бағдарламаның келесі бөлігінде гипердыбысты зымыранның артықшылығын арнайы мамандар да растады. Иранның Ислам революциясы Сақшылар корпусының (IRGC) аэроғарыштық күштерінің генералы Әмір Әлі Гаджизаде ресми мәлімдеме жасаған. Ол жаңа қару әлемдегі барлық әуе-қорғаныс жүйесінен мүдірмей өте алады деп сендірді. Демек, зымыранды жерге жеткізбей «қағып түсіру» мүмкін еместігін деген сөз.

«Иранның аймақтағы басты қарсыласы саналатын Израиль қаруға байланысты ұстанымын білдірді. Израильдің зымыранға қарсы қорғаныс ұйымының негізін қалаушы әрі директоры Узи Рубин аталған қарудың күшіне сенетінін жеткізді. Ол: «Сенбеуге негіз жоқ. Сөзсіз, зымыран ирандықтар айтқан өлшемге келеді. Қауқары да шын. Әйтсе де анау айтқандай ауқымды революцияға жатпайды», – деген пікірде. Дегенмен Иранның бұл секторда жетістікке жеткенін және гипердыбысты зымыран шығаратын елдердің («А» санатына кіргенін жоққа шығара алмаймыз», – дейді Аббас әл-Лавати мен Хадас Голд.

Жағдайды шынайы бағамдау – CNN-нің басты артықшылығы. Расында, кей маман зымыран күші асыра сілтеп айтылды деп топшылағанымен, Тауа Шығыста баллистикалық зымыранды Ираннан артық шығаратын ел жоқ. Парсылар 2017 жылдан бері көрсетілген баллистикалық зымыранмен 5 ірі соққы жасаған. Оның ішіне Сирия, Иракқа жасалған шабуыл мен израилдік барлау және күрд жасақтарына қарсы соққы да кіреді.

Айтылғанның бәрін сенуге болатын шығар, дегенмен аталған зымыранның әуе қорғаныс құралынан мүдірмей өтетініне сенім аз. Мәселен, Израильде әлемде тендесі жоқ «Темір күмбез» бар. 90-95 пайызға дейін жақын қашықтықтағы зымыранды өткізбегуге арналған. Әрине, сол үшін Ибрагим Раиси билігі кезекті қаруды қауқарын 1400 шақырым деп көрсетіп, алыс қашықтыққа арналғанын дәлелдеген. Дегенмен «мықтыға мықты кезігеді» емес пе, Израиль тарапында алыс қашықтыққа негізделген зымырандарды құлатуға арналған Arrow жүйесі жақсы жұмыс істейді. Сондықтан қанша жерден зымыран жылдам болғанымен көршіге қауіп аз секілді.

«Израиль, Сауд Арабиясы, БАӘ секілді мемлекеттер АҚШ-тың Patriot қорғаныс жүйесін қолданып, бұл – бүгінде Украинада тиімділігін көрсеткен алапат қару. Украинадағы соғыста Patriot қорғаныс жүйесі Ресейдің «Кинжал» зымыранын атып түсірді. Ал «Кинжал»-дың әлеуеті «Fattah»-пен мәнделсе, сонымен қатар жақын және жақын қашықтықтағы баллистикалық зымырандардан қорғануға бағытталған Terminal High Altitude Area Defense (THAAD) жүйесі де Тауа Шығыстағы бір-шама елде бар», – дейді тілшілер.

Тауа Шығыс қашан тыныш болып еді. Ай салып арналас, жыл салып жанжал болады. Мұндағы дүрбеленге әлемнің «еті үйреніп» кеткеніне біраз болды. Бірақ Иранның қорғаныс саласындағы жаңалығы Бағыс үшін әлі талай қайта айналып келетін тақырып болары талассыз.

4 БЕТТЕ

### ҚОЛТАҢБА

## «АНАМНЫҢ АҚ ХАЛАТЫ» немесе құтқарушы болу арманы



... «Дәрігер, жанымда сіз болыңызшы...» «Сіздің жылы сөзіңіздің өзі бізге қуат береді», «Қызымның есімін сіздің құрметіңізге Сәуле қойдым»... Иә, бұл – қазақ «бір аяғы көрде, бір аяғы жерде» дейтін жүкті аналардың сабиін аман-есен бауырына басқан соң, дәрігерге деген риясыз ризалығы. Шыны керек, Сәуле Сәменқызының атына мыңдаған ана күн сайын алғыс айтады десек, артық айтқандық емес. Әрине, дәрігердің бәрі де өз ісіне жауапты. Алайда мамандығының қасиетін бойына сіңірген, аялы алақаны шипалы, жылы сөзі де қиналғанға күш беретін нағыз дәрігерлер санаулы ғана. Оларды «Құдай өзі дәрігер етіп жаратқан» деп жатады. Иә, Сәуле Сәменқызы табиғатынан дәрігер болып жаралғандай. Бүгінде облыстық перинаталдық орталықтың аты аталса, Сәуле Сәменқызының есімі қоса айтылады. Бір орталықтың бар жауапкершілігін көтеруге тырысқан, ана мен балаға қуаныш сыйлау үшін жан-тәнімен қызмет етіп келе жатқан, әрбір келушіні жақынындай көріп, елпілдей қарсы алатын Сәуле Сәменқызына арқа сүйеп келетін аналар аз емес. Көптің алғысына бөленген, қолы жеңіл дәрігерге елдің алғысы шексіз. Тіпті «сіз зейнетке шығып кетпей тұрып, тағы да босанып алсам деп жүрмін» деп жүктілігін жоспарлап жүргендер де кездеседі. Мұның бәрі дәрігерге деген алғаусыз сенім. Қай мамандық иесі болсын, нағыз маман атанып, халықтың алғысына бөлену кез келгенге бұйыра бермейтін бақыт. Бүгін біз мақаламызға арқау еткен кейіпкер – облыстық перинаталдық орталығы бас дәрігерінің пациенттерді қолдау және ішкі бақылау жөніндегі орынбасары, жоғары санатты акушер-гинеколог дәрігер Сәуле Сәменқызы алғыс арқалаған ақ халатты абзал жан. Ол мұндай дәрежеге қалай жетті? Барлық анық сүйікті дәрігеріне айналуында қандай құпиясы бар?

Қазақта «үйі жоқтың күйі жоқ» дейді. Бір баспанаға жете алмай, жалдамалы үйді жағалап, қиналып жүрген отбасы аз емес. Мұның бір себебі демографиялық ахуалға да байланысты болуы керек. Жылдан-жылға халық саны өсіп жатыр. Десе де жаңа құрылыс салуда Қызылорда – қош баспында.



## ЖАҢА ҮЙ – ЖАЙЛЫ БАСПАНА

Қаланың қай бөлігіне барсаң да жаңа салынып жатқан алып құрылыстар, ыстық күнде еңбек дүбірін қыздырған жұмысшылар, биіктігі үлкен ғимаратпен теңесетін жүк тиегіш крандар құрылыс алаңына сән беріп тұрғандай. Күннің ыстық-суығына қарамай, қыстың көзі қырауда, аптап ыстықта да тынымсыз еңбек еткен құрыш қолды құрылысшылардың арқасында зәулім үй мен әлеуметтік нысан тез салынып жатыр. Олардың қатарында спорттық нысандар, білім ордалары мен балабақшалар және көпқабатты тұрғын үйлер бар. Тіпті елді мекендерде де заманауи құрылыс салынып, оның игілігін жергілікті тұрғындар көріп отыр.

Қызылорда қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуардың айтуынша, биылғы құрылыс жұмысының көлемі 12932 млн теңгені құрап, 125,8 пайызға артқан. Қаржыландырудың барлық көзі есебінен биылғы жылдың 1 мамырына жалпы ауданы

101175 шаршы метр, оның ішінде мемлекеттік меншік қаражаты есебінен 4403 шаршы метр, халық қаражаты есебінен 92966 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

– Тұрғын үй құрылысын дамыту мақсатында 2023 жылы облыстық бюджеттен барлығы 17 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысына 8139 млн теңге бөлінді. Атап айтар болсақ, Сырдария өзенінің сол жағалауында 7 қабатты 84 пәтерлі 6 тұрғын үй салуға 2746 млн, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы №2-ші шағын ауданына 470 пәтерлі 10 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысына 3365,5 млн теңге, СПМК – 70 ауданындағы №2 тұрғын кварталында 50 пәтерлі №8 тұрғын үйдің құрылысына 27,5 млн теңге, сол жағалаудан халықтың әлеуметтік осал тобына 600 пәтерді сатып алуға 6322,5 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар 12 көпқабатты тұрғын үйді қайта жаңғыртуға республикалық бюджеттен 773,8 млн теңге қаралды, –дейді бөлім басшысы.

Сала мамандарының айтуынша, биылғы жылдың 1 мамырында қала әкімдігінде тұрғын үйге мұқтаж адамдардың 5 дара тізімі бойынша 28041 отбасы кезекте тұр. Оның қатарында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, алтын, күміс алқа иегерлері, батыр ана атағын алған, І және ІІ дәрежелі Ана даңқы орденімен марапатталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйым қызметкерлері, әскери қызметшілер және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқарушылар бар. Қаладан бір тұрғын үй апаттық жағдайда деп танылған азаматтарға берілмеіші. Бүгінде 42 көпқабатты және 3 жер үйі апатты деп танылған.

Биыл да алып құрылыс алаңына айналған Сырдың бас қаласында пәтер кезегінде тұрған қаншама отбасы жаңа үйге не болып, қоныс тойын тойлайтын болады.

Gayhup KOЖАХМЕТОВА

2 БЕТТЕ

**Баспасөз-2023**

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?**

Баспасөзге 2023 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:

40-05-81, 70-14-08.



## БЕС МЕМЛЕКЕТТІҢ АСТАНАСЫ

Қызылорда облысы қазақ тарихының бесігі деп бекер айтылмаған. Өйткені Сыр бойында жатқан алғашқы қалалардың негізі Қызылорда облысында қаланған. Дәл осы өте көне қалаларда қазіргі балық аулау, егіншілік және тігіншілік сияқты алғашқы колөнерінің негізі қалады, олар кейіннен Жібек жолының маңызды сауда және көлік тораптарына айналды.

Жастардың бойында өз еліне деген борыш, сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді, сондай-ақ туған жердің тарихына деген қызығушылықты дамыту басты мақсаты болған ТЕТ бағдарламасының (Туған елге тағзым) арқасында осындай қорытындыға келдім. Бұл бағдарламаны 2012 жылы Назарбаев зияткерлік мектебі құрған. Нәтижесінде 22 Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары туған өлкесінің мәдени және тарихи көрікті жерін аралаудың керемет мүмкіндігіне ие болды. Бір қуанарлығы, біздің мектебіміз дөшет калмады.

Ұмытылмас сапарымыздың бірінші күнінде біз Орталық Азия жастарының көшбасшысы Гани Мұратбаевтың мұражайында болдық, содан кейін бір кездері орталықтардың бірі болған ежелгі Жанкент қаласының жеріне кірдік. Жібек жолы және Оғыз қағанатының астанасы. Екінші күні Қорқыт атаның мұражайы мен кесенесін араладық. Үшінші күні Сырдария ауданында болып, мәдени орындарын тамашаладық. Саяхаттың төртінші және соңғы күні облысымыздың ең қызықты өңіріне, атап айтқанда, Шірік-Рабат пен Сығанақ сияқты көне қалаларды аралау мақсатында не болған Жанақорған өңіріне бағытталды.

Сапарымыздың бірінші күні Қазалыға барғанмызда көптеген үлкен үйлердің арасынан бір ескі ағаш үйді көрдім. Сол ғимарат Гани Мұратбаевтың мұражайы болып шықты, бұл экскурсиямыздың бастауы болды. Бастапқыда бұл «мұражай» кәдімгі мұражай үшін тым кішкентай және ескі болып көрінгенімен, онда Гани Мұратбаевтың жеке өмірі мен оның шығармалары туралы көптеген мәлімет сақталған. Дәл осы мұражайдың арқасында мен ұлттымыздың жастары өте күшті екеніне көз жеткіздім. Сол кезде телефон да, интернет те, компьютер де болған жоқ. Кітаптар тек кітапханада болды, апаратқа қол жетімділік өзін шектеулі болды. Бірақ соған қарамастан Гани Мұратбаев сынды жалғанды азаматтар үмітін үзбей, халқының игілігі үшін қай салада да аянбай еңбек етті. Бұл «жақсы уақытты» жасайтын адамдар.

Мұражайдан кейін біздің топ Қызылорда облысының тарихи қалаларын, дәлірек айтсақ Шірік-Рабат, Сығанақ, Қызылорда және Жанкент қалаларын аралады. Дәл осы сәтте мен біздің облыс

төрт мемлекеттің астанасы орналасқан жер екенін түсіндім. Осы ой мені шабыттандырды да, туған жерді аралау шарасы аяқталған соң бірден тарихшы, археолог, Жанкент қаласын зерттеу жөніндегі қазақ-неміс экспедициясының мүшесі, PhD докторы, Қорқыт ата университетінде жұмыс істейтін Әзілхан Әуезханұлы Тәжекеевпен кездесуге бардым. Негізі бұл кісі маған қатты әсер етті, себебі ол менің идеямы толық түсініп, үнемі қолдап отырды. Онымен бірге көп зерттеулер жүргізілгеннен кейін біз Ұлы Жібек жолының үлкен көлеміне байланысты Қытай мен Тибеттен Орталық Азияға бірнеше байланыс жолы бар және бұл «бағыттар» өзіндік «бөлімдерін» құрады деген қорытындыға келдік. Әзілхан Әуезханұлының айтуынша, ең қунарлы әрі атақты бағыт Сырдария бағыты болды. Жетісудан бастау алатын Ферғанадан шыққан соқпақтар Түркістан жолымен түйісіп, Жанкент пен Сығанаққа Әуезханұлының айтуынша, ең қунарлы әрі атақты бағыт Сырдария бағыты болды. Жетісудан бастау алатын Ферғанадан шыққан соқпақтар Түркістан жолымен түйісіп, Жанкент пен Сығанаққа Әуезханұлының айтуынша, ең қунарлы әрі атақты бағыт Сырдария бағыты болды.

Әзілхан Әуезханұлы жоғарыда айтып өткендей, Жібек жолы шығыстан батысқа, батыстан шығысқа, оңтүстіктен солтүстікке, солтүстіктен оңтүстікке бастау алып, географиялық орналасуы бойынша Қазақстанның дәл ортасында болған Жанкент пен Сығанақ болды. Бұл сауда жолдары, сондықтан көпшілер немесе көпестер бұл қалаларға тұру және сауда жасау үшін бара алатын. Сонымен қатар Жанкенттен кейін көпшілер немесе көпестер Батыс Қазақстан облысындағы Үстірттің тегіс жолымен немесе Қызылқұм арқылы Хорезм мен Түркіменстан жеріне бара алатын. Сондықтан Жанкент пен Сығанақ Сыр бойындағы стратегиялық маңызды қалалар болды. Бұл қалалардың маңыздылығы Оғыз мемлекеті жақсы түсінді, сондықтан Жанкент 10-11 ғасырларда Оғыз мемлекетінің кәдімгі астанасы және қысқа астанасы болған. Әзілхан Тәжекеевтің өзі Жанкентте алғаш рет 2005 жылы болды және сол уақыттан бері Жанкент халықаралық археологиялық орталыққа айналды. Жанкентті зерттеуге тек қазақтар ғана емес, Германиядан келген ғалымдар да атсалысты. Сығанақ қалашығы 15 ғасырдың екінші жартысы мен 16 ғасырда Түркістан қаласымен қатар Қазақ хандығының орталығы болды. Сығанақ 1469-1511 және 1521-1598 жылдары оның астанасы болды. Қаланы өкінішке орай, жоңғарлар қиратты.



Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде мешіт, медресе, кесене қалдығын табуға мүмкіндік туды. Оның үстіне Сығанақ Ақ Орданың астанасы және қысқа «штабы» да болған. Шірік-Рабат сақ-массагет тайпаларының көне қаласы болды және біздің дәуірімізге дейінгі XIV ғасырда құрылған. Қаланың орналасқан жері мен табылған жәдігерді зерттей келе, Шірік-Рабат сауда қаласынан алшақ болғанымен, ол орналасқан төбе тамаша жасанды бекініс болған. Ал төбенің үстіне салынған қабырғалары төбеден жасалған деген қорытындыға келдік. Шірік-Рабат – жаулар үшін алынбас қамал болған. Қызылорда қаласының өзі де астана болды. Бұл осы аталған қалалардың ішінде жақсы дамып, одан әрі кеңейіп алған жалғыз астана. Қызылорданың негізін 1820 жылы Қоқан хандығының билеушісі – Омар хан салып, Ақмешіт деп атаған. Содан кейін, 1852 жылы оны орыс қолбасшысы Василий Алексеевич Перовский басып алды, нәтижесінде қала 1922 жылға дейін Перовск болды, ал 1925-1929 жылдар аралығында РКФСР құрамындағы Қазақ АССР-інің астанасы болды. Сондықтан Қызылорда облысы бес мемлекеттің астанасының шеті болды деп нық сеніммен айта аламыз.

Осы ақпаратпен қаруланып, мен жобамды басталды және 2022 жылдың қараша айында Алматы қаласындағы NIS ХББ-да қорғадым. Жобаны қорғауға барлық 22 НЗМ-ден 40-тан астам оқушы қатысты. Әрбір оқушының жобасы өте жақсы және мазмұнды болды. Жобамды қорғау үшін мен өзімнің <http://5376542.tilda.ws> веб-сайтын жасадым. Онда барлық тарихи көрікті жерлерге онлайн тур, сондай-ақ әрбір қала мен табылған артефактілер туралы қысқаша ақпарат бар. Осы білім мен еңбектің арқасында мен НЗМ ДБҰ арасында 3-орынға ие болдым. Мен өз тарихыма жақсы білетін мүлде басқа адамға айналдым. Осы зерттеулерден кейін мен өз өлкемнің тарихи құндылығын дәлелдей алдым.

**Айхан ОРЫНБАЙ,**  
НЗМ 10 сынып оқушысы  
Қызылорда қаласы  
Кәсіби пікіршімсізі, NIS  
Қызылордадағы Енактаус өкілі,  
«Air Vision» қоғамдық  
жобасының елшісі, «Дитя войны»  
кітабының авторы

## Бала жүрегі – кішкентай күйсандық



«Бала жүрегі – кішкентай күйсандық, сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұруы керек» деп Мұхтар Шаханов айтқандай, бала бойындағы дарынды ашу кез келген адамның қолынан келмейтін іс, ол тек мұғалімнің ғана қолынан келеді деп ойлаймын. Осындай ұстаздың бірі де бірегейі деп менің қолыма домбыраны алғаш ұстатып, киелі домбыраға оның ішінде қазақтың күйіне деген махаббатты оятқан Дәулет ағайымды айтар едім. Дәулет Дәуренбекұлы әр баламен тығыз қарым-қатынас орнатып, оның жан дүниесіне үңіліп, зерттеу жүргізу арқылы бойындағы қабілетін ашуда талмай еңбек етіп келеді. Домбыра аспабын жақсы

менгеру үшін тәзімділік, шыдамдылық, табандылық және ең бастысы еңбекшіл, талантты, шыдамды бола білуі тиіс екендігін әрқашан санамызға құюдан жалыққан емес. Болашақта талмай еңбек етіп қазақтың күйін киелі домбырамен әлем сахнасында әуелетсем деген үлкен арманым бар. Осы арманымға жеткенде ғана ұстаз еңбегі ақталады деп санаймын.

**Аблай БОЛАТУЛЫ,**  
№278 ІТ мектеп-лицейінің 8 «А» сынып оқушысы

## ТАҒДЫР ЖАЙЛЫ ЖАЗАТУҒЫН СӨЗІМ КӨП

Тағдыр жайлы жазатуғын сөзім көп, Сынақтармен жиналатын төзім боп. Кездейсоқтық дүние ғой дегенің, Айналады кейде күшті сезім боп.

Өшпейтұғын иманменен өмірім,  
Сірә, күндей жарқырайды көңілім.  
Шаттығы бар мұны тағы жетерлік,  
Аллам берген жеті қатты мекен қып.

Қыран құстай қалықтайсың көңілде,  
Алдау арбау кірбін етер сенімге.  
Сынақ келсе шыдағын, шыдай білгің,  
Шаршадым деп құздан құлай төгілме.

Тосын сыйы жетерлік бұл жалғанның,  
Шегі барма көкпейдегі арманның.  
Шын бақытты сезетұғын жүрекке,  
Бір-ақ сәтте жара салып, таңған кім?  
**Әсел Бауыржанқызы ҚҰРМАНАЕВА,**  
№144 мектептің  
9 «А» сынып оқушысы

Қас қағым сәтте жаз келіп жетті. Жаз мезгілі – балалардың асыға күтетін мерейлі маусымы. Жаз маусымы басталысымен оқушы қауымының арманына арқау болатын демалыс орындары да есіктерін айқара ашады. Жаз болса мез болатын балалар үш ай бойы не істейді? Сол баяғы телефон мен компьютерге жіпсіз байланып отырмау үшін не істеу керек?

## Баланың жазғы демалысын қалай дұрыс ұйымдастыру керек?



Біз өз кезегінде педагог-психолог Гүлназ Пірмантаеваны әңгімеге тартқан едік...

Психолог бала үшін ең жақсы демалыс ата-анамен бірге тынық уақыт екенін алға тартты.

Балалардың ата-анамен бірге уақыт өткізуі бала үшін де, ата-ана үшін де пайдалы. Себебі бала ата-ана жанында өзін еркін сезінеді. Міне, осындай жан мен тәңнің бірге демалу кезеңінде жанындағы жақын жан-дар баланың сол сәттегі сезімі мен қуанышына ортақ болып, демалысы және ойындары жайлы пікірлері мен ойларына бірлесе отырып оң көзқарасын көрсетіп қолдау білдірсе, бұл бала үшін ең керемет психикалық және физикалық демалыс болады. Демалыс орны мен уақытын белгілеуде, ойын түрін таңдауда баланың ой-пікірін тыңдау да аса маңызды, – дейді Гүлназ Өмірсерікқызы.

Маман ата-ана баламен бірлесіп жазғы демалыс уақытына жоспар құрып, күнделікке жоспарын толық жазып шығуын ұйымдастыру қажет деген де пікір айтты.

Адамның тұпсанасы өз қолымен жазылған дүниені өзіне тапсырма есебінде қабылдайды. Құрылған жоспар әртүрлі жағдаятқа байланысты толығымен орындалмауы да мүмкін. Ол үшін аса қорқудың қажеті жоқ. Негізгісі, баланың ойында аталған жазғы демалыс уақыты үшін жауапкершілік тұрады. Сонымен қатар бұл жоспарда баланың ұялы телефон, компьютер, планшеттерде отыратын арнайы уақыты кесте бойынша көрсетіледі. Мінекей, тұпсана сол белгіленген уақытқа дейін интернет әлеміне отыра алмайтыны жайлы ақпаратты балаға күнделіктігі жоспар бойынша дыбыс арқылы қалыптастыруға көмек береді.

Психолог бала мен ата-ананың ұзақ мерзім бір-бірінен алыста болуы бала

тәрбиесіне кері әсерін беруі мүмкін деген көзқарастағы ата-аналарға да кенесін айтты.

– Маман ретінде пікір білдіретін болсам, әрине, шектен тыс ұзақ мерзім ата-анасынан алыста болуы ең бірінші тұрғыда баланың психосоматикасына кері әсерін береді. Себебі бала жас, өзінің ата-анасына сағыныш сезімін жеткізуге батылы жетпей немесе қорқуы мүмкін. Балаларда бала өміріндегі шешімдерді үлкендер ғана қабылдауы тиіс деген ұғым да болады.

Мінекей, осы ұғыммен бала өзіне ұнамайтын жағдаятты амалсыз қабылдайтын сәт те кездеседі.

Сондықтан баланың ата-анасынан жырақта болу уақытына шекті мөлшер болуы керек деп санаймын, – дейді педагог-психолог.

**Венера НУРҒАЛИ,**  
Қорқыт ата атындағы университетінің 1-курс студенті

Қазіргі таңда тіл сапасы, түйені мен мән мағынасы жоғалған кезең. Жастар арасындағы әдеби сөйлеу быдан тұрсын, ауызекі сөйлеу стилінің бұзылуы, кате аударма, месенджердегі кателік, орыс тілімен қазақ тілінің араласуы тіл тазалығы мен сапасын төмендетуде. Қате аудармалар, тіл тазалығына нұқсан келтіруде. Өзге тілден енген немесе өз тіліміздегі аударманы тікелей аудару арқылы біз сөздің мән мағынасын жоғалтқанымызды білмей де қаламыз. Тура мән-мағынасын дәл табамыз деп, туралығын айқындай алмай қалып жайт көп кездеседі. Аз десеніз месенджердегі кателік бар. Сөз графикасының құрдымға ұшырауы, графикалық түрде сөз сапасын

жоғалтуымыз кері әсерін тигізіп жатыр. Яғни сөз буынын қысқартып айтуымыз бір мысал. Қарапайым тұрғыдан алғанда «отырмын» деген сөз тіркесін «отыр» деп қысқа-нұсқа қайыра салу тіл тазалығын сақтамаудың үлкен көрінісі.

міздің бір бөлігі болып орыс тілінің қосымшасы қалай жалғанып байқамай қаламыз. Оған дәлел сіз бір күн бойына орыс тілін қоспай, үйдегі затқа дейін, әрбір қадамыңызға дейін сөйлеу көзүге ұмтылыңызшы. Қалай киналғаныңызды ай-...

## ТІЛ САПАСЫ

Қаншама сөз өз ерекшелігінен айырылып, толық қанды біртұтас тілдің мәні өз деңгейінен біршама алыстап бара жатыр. Орыс тілі туралығын айқындай алмай қалып жайт көп кездеседі. Аз десеніз месенджердегі кателік бар. Сөз графикасының құрдымға ұшырауы, графикалық түрде сөз сапасын

тып жеткізу мүмкін болмас. Көңіліңіз бе? Тілді толыққанды, анық, таза сөйлеу, жазу бөлек әңгіме. Ал сөйлей білу бір жапа. Ал сөйлеу мәнерімізге назар аударып көрейік. Қазақ тілі ұсақталып бара жатыр деп ойламайсыздар ма? Тілімізде өзге тілдің селіктеуші сөздері, жөк, әрине, сөйлеген сөзі-

мәніне сәтте жетпейтін болып орыс тілінің қосымшасы қалай жалғанып байқамай қаламыз. Оған дәлел сіз бір күн бойына орыс тілін қоспай, үйдегі затқа дейін, әрбір қадамыңызға дейін сөйлеу көзүге ұмтылыңызшы. Қалай киналғаныңызды ай-...

Сөйлегенімізге айта кеткендей: «Өз тілінің жатқанымызға мән берейік. Бауыржан Момышұлы ағамыз айта кеткендей: «Өз тілінің сұлулығын сезінбей жатып, өзге тілдің сұлулығын сезіну екі талай»

Расында, өзге тілге бет бұрмас бұрын өз тілінің тазалығына мән беріп, өз тілінің қалды қасиетіне толық көңіл бөлген жөн. Болашақ біздің қолымызда.

**Айдана БАХТИЯР**

## Ауыл деген керемет

Менің ойымша жазғы демалыстың қызығы көп. Сол себепті жазғы демалыс достарымен және отбасымен көбірек уақыт өткізуге арнаған жөн деп ойлаймын. Бірақ демалыс деп жүріп оқуын

да жайына қалады. Ал менің жазғы демалысым ауылда, лагерьде, отбасымен және достарыммен өтеді. Кейбіреуі жалаулықпен өткізеді, ол дұрыс емес.

Жаздың керемет уақыты



оқуын қалады. Ауыл деген керемет қой, таза ауа, мөлдір бұлақ.

Жазғы демалыстың соңында бар бала оқуға дайындалады, тіпті мен де дайындаламын. Сонда да жазғы демалыспен қоштасқанды қалмаймын. Бар қызық жазғы демалыста болады, сонғы бәрін жай тастап кету онай емес.

**Айша Бейбітқызы МОЛДАХМЕТ,**  
№264 мектеп-лицейінің 5 «С» сынып оқушысы



